


2013 ЖЫЛДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТАЛДАУ

I. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ НАРЫҒЫ

Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы жіберілген ақша аударымдарының көлемі 2013 жылда 275,6 млрд. теңге сомадағы 2 292,4 мың транзакцияны құрады, бұл өткен жылдың төлемдердің саны бойынша 0,3% және көлемі бойынша 11,0% асады. Бұл ретте Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, Faster, Contact, Жедел Почта, Блиц, Unistream, Анелик, Система Дүниежүзілік почта одағы, Лидер, MoneyGram, Coinstar Money Transfer, Migom, InterBanking, IntelExpress сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдары көлемінің өзгеру динамикасы



ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 22,1% және жалпы сомасының 13,4% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 77,9% және 86,6% құрайды, бұл олардың резидент емес банктермен корреспонденттік қатынастар негізінде ашылған шоттар арқылы төлемдер жүргізу бойынша банктердің қызметтерін сияқты трансшекаралық төлемдері жүргізуі үшін белсенді пайдаланылғанымен сипатталады.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2013 жылда шетелге ААЖ арқылы 238,8 млрд. теңге сомаға 1 785,0 мың транзакция жіберілді. Жалпы алғанда төлемдер көлемінің өзгеру динамикасы

2013 жылда өткен жылмен салыстырғанда аударымдардың саны бойынша 12,0% және сомасы бойынша 16,9% шамалы өсіп тұрақты болды.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая корона	697,3	39,1%	83 265,6	34,9%
Western Union	276,5	15,5%	44 959,0	18,8%
Contact	253,5	14,2%	36 047,8	15,1%
Юнистрим	177,9	10,0%	26 160,7	11,0%
Блиц	122,1	6,8%	13 754,6	5,8%
Дүниежүзілік почта одағының жүйесі	83,7	4,7%	3 343,0	1,4%
Faster	70,7	4,0%	7 026,7	2,9%
Жедел почта	45,7	2,6%	9 118,2	3,8%
MoneyGram	20,7	1,2%	3 480,5	1,5%
Лидер	17,0	1,0%	5 164,7	2,2%
Анелик	11,0	0,6%	5 387,7	2,3%
Халықаралық почта аударымдары	7,2	0,4%	291,5	0,1%
InterBanking	0,9	0,05%	587,5	0,2%
InterExpress	0,3	0,02%	50,7	0,02%
Migom	0,09	0,005%	144,3	0,1%
Восточный Экспресс	0,004	0,0002%	2,9	0,001%
Киберплат жүйесі	0,5	0,03%	35,9	0,02%
Жалпы жиынтығы	1 785	100,0%	238 821,2	100,0%


Валюта бойынша

ААЖ арқылы жіберілген аударымдар негізгі үлесі АҚШ долларында жүзеге асырылды, үлесі саны бойынша 62,1% және сомасы бойынша 73,6% болды.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



Сондай-ақ Ресей рублінің үлесі елеулі, бұл ААЖ арқылы өткізілген аударымдар жалпы көлемінің жартысына жуығы Қазақстаннан Ресей Федерациясына жіберіледі (шетелге жіберілген аударымдардың жалпы санының 31,6% және жалпы көлемінің 21,7%).

Сонымен қатар, жіберілген аударымдар жалпы көлемінде теңге үлесінің 0,6 пайыздық тармаққа өсуін атап өтуге болады (2013 жылда 3,4%, 2012 жылында барлығы 2,7% құрады).

ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 90,5 млрд. теңге сомаға 851,2 мың. транзакциялар алынды (өткен жылмен салыстырғанда өсу саны бойынша 8,3% және сомасы бойынша 17,3% құрады).


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-пен
Золотая корона	331,1	38,9%	38 588,6	42,6%
Western Union	188,7	22,2%	19 936,2	22,0%
Contact	41,9	4,9%	3 615,7	4,0%
Юнистрим	47,2	5,5%	10 360,5	11,4%
Блиц	40,3	4,7%	4 523,9	5,0%
Дүниежүзілік почта одағының жүйесі	155,4	18,3%	3 937,2	4,3%
Faster	6,8	0,8%	522,0	0,6%
Жедел почтасы	2,4	0,3%	576,6	0,6%
MoneyGram	22,7	2,7%	2 315,2	2,6%
Лидер	4,7	0,6%	3 057,7	3,4%
Анелик	5,1	0,6%	2 222,4	2,5%
Coinstar Money Transfer	2,3	0,3%	308,3	0,3%
Киберплат жүйесі	1,6	0,2%	175,8	0,2%
Халықаралық почта аударымдары	0,6	0,1%	10,8	0,01%
Migom	0,1	0,02%	357,5	0,4%
InterBanking	0,001	0,0001%	0,8	0,001%
InterExpress	0,1	0,08%	10,7	0,01%
Банк шотын ашусыз жедел ақша аударымдары	0,001	0,0001%	0,1	0,0001%
Жалпы жиынтығы	851,2	100,0%	90 519,8	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 41,2% және жалпы сомасының 60,7%) және Ресей Федерациясынан Қазақстанға ХААЖ арқылы келіп түсетін ақша аударымдарының жалпы көлемінің 59,5% құрайтындықтан Ресей рублімен (тиісінше (52,6% және 34,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР


Қазақстан аумағында 2013 жылда 36,8 млрд. теңге сомасына 507,4 мың транзакция жүргізілді. Қазақстан аумағында БААЖ арқылы жүргізілген төлемдердің азын-аулақ үлесі (төлемдер санының 1,4% және Қазақстанның ұлттық төлемдер жүйелері арқылы жүргізілген төлемдер сомасының 0,02%) елде төлемдерді теңгеде нақты уақыт режимінде өңдеуді қамтамасыз ететін Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің болуын сипаттайды. Сондай-ақ, ел ішіндегі төлемдерді жүргізу үшін банкішілік жүйелер пайдалануы мүмкін, олар да бір банктің филиалдары мен бөлімшелері арқылы жөнелтушіден алушыға жеделдетілген аударымдар қызметтерін көрсетеді.

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сума (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-пен
Золотая корона	0,1	0,01%	8,1	0,02%
Western Union	60,6	12,0%	7 642,0	20,8%
Contact	1,9	0,4%	485,0	1,3%
Юнистрим	1,8	0,4%	485,3	1,3%
Блиц	27,1	5,3%	3 203,8	8,7%
Faster	199,9	39,4%	14 298,9	38,8%
Жедел почта	3,2	0,6%	1 153,0	3,1%
Лидер	0,3	0,1%	217,9	0,6%
Анелик	1,1	0,2%	177,8	0,5%
Coinstar Money Transfer	0,1	0,03%	23,7	0,1%
Почта аударымдары	207,5	40,9%	2 790,1	7,6%
Банк шотын ашусыз жедел ақша аударымдары	0,2	0,05%	26,0	0,1%
Восточный Экспресс	3,6	0,7	6 302,0	17,1%
Общий итог	507,4	100,0%	36 813,6	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

